

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары,
«Ақ жол» партиясы
фракциясының мүшелері

2021 жылғы 17 қарашадағы
№ ДС-328

Құрметті депутаттар!

Кәсіби футболды дамыту мәселелеріне қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Кәсіби футбол клубтарын жекешелендіру туралы

Елімізде 49 кәсіби футбол клубы бар, олардың 14 Премьер лигада, 12 Бірінші лигада, 23 Екінші лигада өңер көрсетеді.

Қазіргі уақытта мемлекетке түсетін ауыртпашылықты азайту мақсатында жергілікті атқарушы органдар кәсіби футбол клубтарын жекешелендіру немесе сенімгерлік басқаруға беру жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтқанда «Шахтер» (Қарағанды обл.) және «Қайсар» (Қызылорда обл.), «Ордабасы» (Шымкент қ.) футбол клубтары сенімгерлік басқаруға беріліп, «Тобол» футбол клубы (Қостанай обл.) жекешелендірілді. Сонымен қатар, Ақмола облысының әкімдігі «Оқжетпес» футбол клубын 2023 жылы жеке меншікке өткізуді жоспарлап отыр, ал Маңғыстау облысының әкімдігі өзіне тиесілі кәсіби футбол клубтарын жекешелендіру мәселесін пысықтауда.

Бұған қоса, бұқаралық және балалар спортына жаңа серпін беру үшін былтырғы жылы кәсіби спортты мемлекет есебінен қаржыландырудың лимиттері бекітілді (футбол клубтары үшін лимиттің шекті мәні жылына 1,2 млрд теңге, басқа ойын спорт түрлеріне 450 млн теңге). Нәтижесінде кәсіби клубтардан 20,1 млрд теңге көлеміндегі қаражат мемлекеттік спорттық тапсырысқа, спорт инфрақұрылымына, бұқаралық спорттық іс-шараларға қайта бағдарланды.

Балалар футболын дамыту туралы

Футбол еліміздегі ең танымал спорт түрі болып табылады. Жалпы спорттың бұл түрімен елімізде 875 мыңнан астам адам шұғылданады, соның ішінде 503 мың адам ауылдық жерлерде. Мемлекеттік спорт мектептеріндегі (балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, олимпиадалық резерв даярлау

орталықтарында, спортта дарынды балаларға арналған спорт мектептерінде) 853 футбол бөлімшесінде 34 мыңға жуық бала айналысады.

Анықтама: Ақмола - 1776 Ақтөбе -1678, Атырау – 876, Алматы обл. - 2461, ШҚО – 2427, Жамбыл - 2448, БҚО - 422, Қарағанды - 2330, Қызылорда - 1549, Қостанай - 2774, Маңғыстау - 1590, Павлодар - 2428, СҚО - 1144, Түркістан - 6399, Алматы қ. – 334, Нұр-Сұлтан қ. – 582, Шымкент қ.– 2524.

2020 жылдан бастап мемлекеттік спорттық тапсырыс шеңберінде кәсіби спорттық клубтардан бағытталған қаражат есебінен тегін футбол секцияларына 26 212 бала жазылды.

2012 жылдан бері кәсіби футбол клубтары жанында арнайы орталықтар мен академиялар құрылып жатыр. Бүгінгі күні мұндай 17 орталықта 7-18 жас аралығындағы 6 954 бала жаттығады.

Қазақстан футбол федерациясы (бұдан әрі – Федерация) мен Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық мектеп лигасы» және «Футбол сабағы» жобаларын бірлесіп іске асыруда. 2021 жылы Ұлттық мектеп лигасының сайыстарына 6 мыңнан астам оқушы қатысты. «Футбол сабағы» жобасының шеңберінде 1000 орта білім беру мектептерінде аптасына бір рет футболдан жаттығулар ұйымдастырылады. Осы бастаманың арқасында 600 мыңға жуық бала футболмен айналысу мүмкіндігіне ие болды. Федерация оқу-жаттығу үрдісін қамтамасыз ету мақсатында жобаға қатысатын мектептерге 10 мың сапалы футбол доптарын бөлді.

Сонымен бірге Федерацияның бастамасымен былтыр әуесқой футбол секциялары арасында ел біріншілігі өтті. Оған 1,5 мың бала жаттығатын 44 балалар командалары қатысты. Спорт мектептерінде, орталықтар мен академияларда жаттығатын 13-17, 17-19 жастағы балалар арасында дербес сайыстар тұрақты түрде өткізіледі.

Балалар бапкерлерін даярлауға қатысты

Қазіргі уақытта елімізде 40 жоғары оқу орнында «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жаттықтырушы кадрлары даярланады.

Статистикалық деректер негізінде қазіргі уақытта елімізде футболдан 5 000 астам жаттықтырушы бар. Олардың ішіндегі 1072 жаттықтырушысы балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде.

Сондай-ақ, УЕФА құрамына кірген мемлекеттердің футбол федерациялары оның «Жаттықтырушылар конвенциясын» қабылдап, міндетті түрде жаттықтырушыларды дайындап олардың біліктілігін арттыруға тиіс.

Осыған орай, 2007 жылы бапкерлерді дайындау үшін техникалық орталық құрылып, онда соңғы 14 жыл ішінде 1315 бапкер даярланды, соның ішінде 45 бапкер PRO лицензиясына, 224 – А лицензиясына, 20 – А Elite Youth лицензиясына, 235 – С лицензиясына, 243 – В лицензиясына және 23 – В goalkeeper лицензиясына қол жеткізді. Сонымен қатар, кәсіби футбол клубтардың фитнес-жаттықтырушылары, футбол дәрігерлері, менеджерлер, скауттар, талдаушылар, футбол алаңдарының агрономдары мамандары арасында олардың біліктілігін көтеру мақсатында жүйелі түрде шетелдік мамандарды шақыру арқылы семинарлар өткізіледі.

Тегін футбол алаңдарын салуға қатысты

Қазіргі уақытта елімізде 316 толық көлемді футбол алаңы бар, оның 221-і табиғи жабыны бар, 95-і жасанды және 1 894-і стандартты емес өлшемдегі футбол алаңдары. Сонымен қатар, 10 өңірде 148 футбол манеждері бар. Бұған қоса инфрақұрылыммен халықты қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджет және бюджеттен тыс қаражат есебінен шағын көлемді футбол алаңдары салынуда.

Футбол саласын қаржыландыру туралы

Қазіргі уақытта кәсіби футбол клубтары бірнеше көзден қаржыландырылады. Қаражаттың негізгі бөлігі жергілікті бюджеттен келіп түседі.

Жергілікті атқарушы органдардың ақпаратына сәйкес 2020 жылы кәсіпқой командаларды қамтамасыз етуге шамамен 28,6 млрд теңге бөлінді, ал 2022 жылы 16,9 млрд теңге қарастырылған.

«Астана» футбол клубы «Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры» корпоративтік қоры есебінен қаржыландырылады. 2020 – 2021 жылдары аталған қор елордалық ұжымға 20 млрд теңге бөлді.

2021 жылы «Астана» футбол клубына бөлінген қаражат көлемі 11 млрд теңгеден 9,4 млрд теңгеге дейін азайтылды. 2022 жылы шығындар олар әрі қысқартылады.

Футболдан ұлттық құраманы сапалы дайындау мақсатында Ұлттық Олимпиада комитеті Федерацияға 2018 – 2021 жылдары 195 млн теңге көлемде қолдау көрсетті.

Кәсіпқой командалардан бөлек Федерацияға «Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры» корпоративтік қоры тікелей қолдау көрсетеді. 2018 – 2021 жылдары футбол бірлестігіне 4,4 млрд теңге көлемінде қаражат бағдарлады.

Аталған қаражат футболды дамыту мен насихаттауға, отандық құраманың оқу-жаттығу процесін жүзеге асыруға және халықаралық іс-шараларға қатысу үшін пайдаланылды.

Даму стратегиясына сәйкес 2022 жылдан бастап Федерация мемлекеттік қаржыландырудан бас тартты.

Сонымен қатар, 2012 – 2021 жылдар аралығында УЕФА тарапынан клубтарды лицензиялау жүйесін, бұқаралық футбол бойынша УЕФА жарғысын, УЕФА жаттықтырушылар конвенциясын, әйелдер мен балалар-жасөспірімдер футболын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруға, УЕФА Ұлттар Лигасына қатысуға және елордада Федерацияның базасын салуға 30,5 млн евро көлемінде қаражат бөлінді.

Е. Тоғжанов